

Табанов С.А., Оразова А.Ә.



**КҮРДЕЛІ ЗАМАННЫҢ
ӨТПЕЛІ КЕЗЕҢДЕРІНДЕГІ
ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫ
АТА ЗАҢДАРЫНЫҢ
(КОНСТИТУЦИЯЛАРЫНЫҢ)
ТАРИХИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ
САБАҚТАСТЫҒЫ**



АЛМАТЫ ЖЕТІ ЖАРҒЫ

Табанов С. А., Оразова А. Ә.

КҮРДЕЛІ ЗАМАННЫҢ
ӨТПЕЛІ КЕЗЕНДЕРІНДЕГІ
ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫ
АТА ЗАҢДАРЫНЫҢ
(КОНСТИТУЦИЯЛАРЫНЫҢ)
ТАРИХИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ
САБАҚТАСТЫҒЫ

АЛМАТЫ
«ЖЕТІ ЖАРҒЫ»
2005

ББК 67.400 (5-к)

T-12

*Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің
бағдарламасы бойынша шығарылып отыр*

Рецензенттері:

Өсеров Н. – з.ғ.д., профессор
Әлдібеков Ж.С. – з.ғ. к., доцент

Табанов С.А., Оразова А.Ә.

T-12 Күрделі заманның өтпелі кезеңдеріндегі қазақ қоғамы
Ата заңдарының (Конституцияларының) тарихи-құқық-
тық сабақтастығы. – Алматы: Жеті жарғы, 2005, – 360 бет.
ISBN 9965-11-198-7

Ұсынылып отырған еңбектің басты желісі – еліміздің эволюциялық тари-
хи-конституциялық даму сатыларын бейнелейтін негізгі Ата заңдарымыздың
оң және теріс жақтарын айқындау. Мұның өзі, ескі Конституциялардың тұжы-
рымдамаларын жай ғана қайталап, көшіріп жазу емес, керісінше, өмірге сай
келетін тұжырымдармен толықтырып, керекті жерлерін өзгертіп, өңдеп, түзе-
тулер енгізу, ал қажет болса оның кейбір мазмұндарынан ада болу, – деген
сөз.

Кітап заң институттары мен факультеттерінің студенттеріне, заң-колледж
оқушыларына, мұғалім-педагоггерге, заңгерлерге, мемлекеттік қызметкерлер-
ге, сондай-ақ өзге де құқық мәселелерін оқып-үйренушілерге арналған.

T $\frac{1203020100-022}{419(05)-2005}$ 44 – 05

ББК 67.400 (5к)

ISBN 9965-11-198-7

© Табанов С.А., Оразова А.Ә., 2005

© «Жеті жарғы» ЖШС, 2005

КІРІСПЕ

Кез келген ғылыми проблеманың, қоғамдық құбылыстың мазмұнын жан-жақты, түбегейлі ашып көрсетудің бірден-бір әдісі – оның өткен жолын мейлінше таразылау. Өткелдеріміздің тарихи тағылымдарын дәйектілікпен електеп, одан тиісті сабақ алмай, қоғамның алға басуы мүмкін емес. Әлбетте, Қазақстан халқы үшін, әсіресе, сан ғасырлар бойы құрықтың бұғауында болған әр қилы тарихи кезеңін жетік зерделеудің ғылыми-танымдық маңызы ерекше. Біз үшін, тарихи ақиқаттыққа көз жеткізу, қазіргі ұлттық мемлекеттіміздің шынайы тәуелсіздікке бет бұрған кезде халқымыздың тарихи зердесін жанартып, оның елдігін, ерлігін, төзімділігін паш ететін асыл мұраларын түбегейлі жан-жақты пайымдап жинақтау – азаматтық парыз. Бұл тұста ел басшысы – Н.Ә. Назарбаевтың Абылай ханға арналған салтанатты мерей тойындағы (2002) баяндамасында «Тарихты танып, зерделеу керек, тарихты таразылау керек, сонда тағдырыңды, бүгінгі тұрпатыңды танысын, келешегіңді бағдарлайсың, алдағы жүрер жолыңның сілемін табасың»¹ – деуі осы авторлық еңбектің эпиграф ретіндегі демеушісі болуы хақ.

Бұл мәселені барынша ғылыми тұрғыдан зерттеуге кірісу үшін оның тарихи жағын астарлауға аз да болса да көз жібертіп, ізденіс тақырыбының өзегін – «негізгі тарихи байланысты ұмытпау, әрбір мәселеге: тарихты сол белгілі бір құбылыс қалай пайда болды, бұл құбылыс өзінің дамуында қандай басты-басты кезеңдерден өтті деген тұрғыдан қарау, сөйтіп, оның осы дамуы жағынан қарағанда қазір оның не нәрсеге айналғанын байқау»².

Ежелгі қазақ даласында конституциялық заңнаманың қалыптасуы белгілі бір идеялар мен принциптер арқылы айқындала отырып, нақты тарихи кезеңдерді қамтиды. Мұның өзі, сайып келгенде, ұлттардың өзін-өзі еркін билеу принципімен қоса егеменді дербес мемлекет құру мәселесімен жалғасатындығын тарих беттері дәлелдеп берді. Бұл мәселелердің ауырлық салмақтығын, зілділігін кезінде қазақ халқы өз басынан кешіргендігін өмір тарихы сан рет куәгер болғандығына ешкімде күмәнданбас. Сан ғасырлар бойы қам-қасіретке толы өз өмірін сарп ет-

¹ Егемен Қазақстан//2002. 24 қыркүйек.

² Ленин В.И. Шығармалар толық жинағы. 39-том. 73-бет.

кен казак ұлтының тәуелсіздік жолындағы күресін айтпай-ақ, бертіндегі XX ғасырдың басындағы казак зиялыларының тәуелсіздік сахнасындағы күш-жігерлерін, одан кейінгі, бұл мәселе төңірегіндегі оқиғалардың кейіпкерлері – казак кеменгерлерінің есімдерін еске түсірсек те жеткілікті. Сол кездегі еліміздегі шым-шытырық саяси-қоғамдық құбылыстардың бұралаңқы іркілмес жақтарына карамастан ұлттық идеялардың туын жоғары түргыдан көтеріп, казактардың ұлттық, дербес, тәуелсіз мемлекетін құруда Алаш Конституция жобасының Концепциясын (тұжырымдамасын) ұсынған А. Байтұрсынов, Ә. Бөкейханов т.б., сондай-ақ Б. Сұртанов, Ж. Ақпаев, М. Шокай ағаларымыздың ізгі ниеттері мен көре білгендіктері казіргі заманымыздың талабымен үндес келетіні сөзсіз. Бұл құжаттағы тұжырымдар, әрине, еліміздің егемендігі мен тәуелсіздігін алғаш рет анықтаған Декларация (1990) мен Конституциялық заң (1991) актілерінің мәтіндерімен сабақтасып, жалғасын тапты десек артықтау болмас. Әрине, бұрынғы және кейінгі өмірімізді, шынайы, онға, не солға жалтақтамай, таразыласақ, ұлттардың өзін-өзі билеу (басқару) және егеменді мемлекет құру құқығы принциптерін іске асыру мәселелері онай емес екендігіне көз жеткізе аламыз. Өйткені, елдің толық егемендігі мен ұлттық тәуелсіздік арнасына қол жеткізу, әрқашанда билік тұтқасын ұстаушылардың, әр қилы саяси партиялардың, тіпті ұлттық бұқаралық қозғалыстардың арасындағы әмірші күштердің қақтығыстары болмай қалмайтындығын тарих беттері растайды. Өмірде болған құбылмалы процестер, өз кезінде талай келенсіз жақтарға соқтырып, азаматтық шайқасқа дейін апарғандығы, елдер арасындағы қарым-қатынастардың әлсіреуіне ықпал еткендігі аталған ұлттық идеяның әдейі саудаға салынуының нәтижесі. Міне, сондықтан да болар, құбылмалы өмір процестерін дұрыс түсіну үшін шынайы демократиялық құқықтық мемлекет құру стратегиясының тұжырымдамасын жасау, сондай-ақ тәуелсіз мемлекеттер қауымдастығының ірге тасын қалаудың өзі, сайып келгенде, егемендіктің ғылыми тұжырымдамасына, нақтылы тарихи жағдайлардағы халықтардың өзін-өзі билеу нысанына қайта-қайта зер салып, пысықтауымызға итермелейді.

Қазак елінің саралап өткен даму жолдарының сатыларын бірнеше кезендерге бөлуге болатындығы жөнінде пікірлер аз емес.

Белгілі заңгер ғалым А.К. Котов Қазақстанның конституциялық эволюциялық дамуын мынадай 4 кезендерге бөледі¹:

- Кеңес дәуіріне дейінгі (1900–1917 ж.ж. ұлттық-демократиялық идеяларының Алаш конституциясының жобасына ұласу);
- Кеңес дәуірі (20 жылдар мен 80 жылдардың аяғы);
- Кеңес дәуірінің аяқталуы (80 жылдардың аяғы мен 1990 жылдар аралығы);
- Кеңестік дәуірден кейінгі (1991–1993);
- Қазақстан дамуының алғашқы сатысы «де-факто» (1993 жылдың қарнасынан бастан).

¹ Котов А.К. Конституционное становление Казахстана как нового независимого государства / Науч. труды «Әділет». Алматы, 1997. № 1. 5-бет.

Әрине, былайша бөлудің дұрыстығына күмән келтірмей, өз тарапымыздан еліміздің кеңестік дәуірдегі конституциялық заңдарының қалыптасуы мен дамуының КСРО мемлекетінің конституциялық даму тарихымен байланыстығын айрықша атап өткенді жөн көрдік. Тек мұнын өзінде ғана 4 тарихи кезеннің болғандығына тарих куә.

1-кезең: Кеңестік республикалардың конституциялық ресімделуі және РКФСР құрамына кірген автономиялық республикалардың конституцияларын қабылдау. Бұл кезең 1917–1922 жылдар аралығын қамтиды, яғни 1918 жылғы РКФСР Конституциясын дайындау мен қабылдау және осының негізінде егеменді республикалардың конституцияларын қабылдау. Соңғылардың өзін екі топқа бөлуге болады: 1) 1919 жылдарда қабылданған Латвия, Белоруссия және Украина конституциялары, бұларға тән қасиет: аз көлемдігі (тіісінше 31, 32, 35 баптардан тұрады); уақыттың тығыздығы; мемлекеттік механизм, сайлау жүйелері туралы мәселелердің регламентелуінің (реттелуінің) мейлінше толық еместігі; 2) 1921–1922 жылдар аралығындағы Закавказ республикалары конституцияларының қабылдануы, бұлардың алдыңғыларға қарағанда кең көлемді келуі, сыртқы саясат, соттардың ұйымдастырылуы, т.б. мәселелерінің конституциялық реттелу сферасының кеңейтілуі, сондай-ақ, мемлекеттік өкімет пен басқару органдарының қызметінің толық регламенттелуі, бауырлас республикалардың заңдарын есепке алып, пайдалануы, өзгешелеу. Бұл кезеңге Алаш Конституция жобасының концепциясы (1917) мен 1918, 1920 жылдардағы Түркістан автономиялық республикасының конституциялары сай келеді.

2-кезең: алғашқы КСРО Конституциясының (1924) дайындалып, қабылдануы және осының негізінде одақтас, автономиялық республикалардың конституцияларын қабылдау. Шын мәнінде, хронологиялық уақытына қарасақ, бұл кезең 1923 жылдан басталады. 1925–1927 жылдар аралығында барлық одақтас республикаларда конституциялар қабылданып үлгерілді. Осылардың ішінде бірінші топқа енетін қабылданған конституциялардың қатарына РКФСР, БКСР, УКСР, Грузия, Армения, Әзірбайжан (бұрынғы Закавказ республикалар) мемлекеттері бар. Бұлар КСРО құрылғанға дейін де – Республика түрінде қызмет атқарып келген және де өздерінің Конституциялары да бар еді. Ендігі жерде бұрынғы өз Конституцияларын Одақ конституциясымен сәйкестендіру жұмысы ғана ең басты міндетте тұрды. Демек, бұлар қолданылып жүрген конституциялармен тығыз сабақтастығын сақтап қалды.

Ал, екінші топтағы конституциялар қатарына Орта Азия одақтас республикаларын жатқызуға болады, айталық, Өзбекстан, Түркіменстан және Тәжікстан, КСРО құрылғаннан кейін пайда болған мемлекеттер. Бұларға тән жалпы қасиет: бұл конституциялар КСРО Конституциясының негізінде пайда болды және бұрын қабылданған одақтас республикалардың конституцияларын, 1925 жылғы РКФСР Конституциясын басшылыққа алды. Осы принципке негізделген 1926 жылғы Казак (Казак) АКСР-інің Конституциясын атауға болады.

3-кезең: 1936 жылғы КСРО Конституциясы мен оған негізделген одақтас республикалардың 1937 жылғы конституциялары (соның ішінде Казак КСР-і де бар).

Кенестік конституциялық жүйенің дамуының бұл кезеңі алдындағыларына карағанда, орталықтандырылған болатын, мұнда одақ басшылығы күшейтілген, соның нәтижесінде одақтас республикалар өздерінің көптеген функцияларын (айталық, экономика, заңдар, саяси-әкімшілік қызмет салаларындағы) одақтық органдарға беруге мәжбүр болды. Мұндай жағдайлардың тууына, әрине, объективтік (кенестік халықтар бірлігінің нығаюы, бірыңғай халық шаруашылық кешенінің (комплексінің) біртіндеп қалыптасуы, материалдық ресурстардың шектелінуі, соғыс қауіптілігінің көбеюі және Ұлы Отан соғысы), сондай-ақ субъективтік себептер әсер етті. Бұл жәйттердің барлығы қосыла келе, көптеген жерлерінде Одақ пен одақтас республикалар конституцияларының негізгі қағидалары бір-бірімен пара-пар келуі бүкіл кенестік мемлекеттердің экономикалық саяси және идеологиялық негіздерінің бірлігімен тұстасып жатады. Бұған әсер еткен КСРО Конституцияларындағы республикалардың негізгі заңдары одақ Конституциясына «толық сәйкестік» болуы керек деген тұжырым «отқа май күйған тәрізді» боп көрінді. Әрине, одақтас республикалар конституцияларының өзіндік ерекшеліктерін ешкімде жоққа шығара алмайтындығы сөзсіз: республикалардың тарихи даму ерекшеліктерінің, әкімшілік-аумақтық құрылымының әр қилылығының бекітілуі, бұлардың мемлекеттік өкімет пен басқару органдарының құқықтық мәртебелілігі, жергілікті өкілді органдардың, өзін-өзі басқару органдарының қызметін жан-жақты реттеу, мемлекеттік рәміздерін тағайындау т.с.с. жөніндегі мәселелерді шешудегі өзіндік ерекшеліктерінің болуы.

4-кезен: 1977 КСРО Конституциясы мен 1978 жылғы одақтас республикалар Конституцияларының дайындалып, қабылдануымен аяқталады. Бұл кездегі кенестік конституциялық жүйенің дамуы Одақ пен республикалар Конституциялық заңдарының ортақтығы күшейтілуімен нақтыланды. Еліміздің жана 1978 жылғы Конституциясында КСРО мен Қазак КСР-індегі конституциялық құрылыстың өмір арқылы електен өткен бай тәжірибесі ескеріледі.

Мемлекеттің даму кезеңдерін басшылыққа ала отырып, кенестік замандағы конституциялық дамуын В.П. Портнов пен М.М. Славин мынадай үш кезенге бөледі:

1) 1918 жылғы РКФСР Конституциясы және 1924 жылғы КСРО Конституциясы (мұнда қоғамды социализм негізінде революциялық жолмен қайта құру дәуірінің ерекшеліктеріне сай капитализмнен социализмге өту кезеңіндегі кенестік мемлекеттің негізгі белгілерін камтиды);

2) 1936 жылғы КСРО Конституциясы (Кенестер одағындағы социализмнің негіздерін бекітуіне байланысты коммунистік формацияның қалыптасуы);

3) 1977 жылғы КСРО Конституциясы (кенестік қоғамның кемелденген социализм сатысын орнату)¹.

¹ *Портнов В.П. Славин М.М.* Этапы развития Советской Конституции: историко-правовое исследование. М., 1982. 310-бет.

Алайда, бұл айтылғандардан Кукушкин Ю.С. Чистяков О.И. пікірлері өзгешелеу келеді, Конституция даму кезеңдерін былайша бөледі: 1) 1918 жылғы РКФСР Конституциясы; 2) 1924 жылғы КСРО Конституциясы; 3) 1936 жылғы КСРО Конституциясы; 4) 1977 жылғы КСРО Конституциясы¹. Бұлар да біздің бөлген кезеңдерімізге сай келеді.

5-кезең: 1990—1995 жылдар аралығындағы еліміздің тарихи дамуының жана белесіне сай келеді. КСРО-ның тарап, соның негізінде ТМД құрылуы Қазақстан мемлекеті дамуының кезекті сатысы еді. Егемендікті алу жағдайында қалыптасқан саяси ахуалдан туындаған жана нормативтік-құқықтық құжаттар қабылдау қажеттігі өзекті мәселелердің біріне айналды. Дүниеге жанадан 1993, 1995 жылдарда Қазақстан Республикасының екі бірдей Конституциясы келді.

Еліміздің конституциялық даму тенденциясын айқындағанда, әрине, халқымыздың демократиялық құқықтық мемлекет құруға бет алған шақта, осының өзегі болып табылатын 1993 және 1995 жылдардағы Ата заңымызды елемей кетуге болмайды. Қайта біздің алға қойған мақсатымыздың маңыздылығын толықтыра түседі.

Бұл мәселені зерттеуде С.З. Зимановтың, М.Т. Баймахановтың, С.С. Сартаевтың, Ғ.С. Сапарғалиевтің, С.Н. Сәбікеновтың, М. Құл-Мұхаммедтің, Т. Ағдарбековтың, М.К. Қойгелдиевтың, Ө. К.Қопабаевтың, К.Н. Нүрпейісовтың, С. Өзбекұлының, Н. Өсеровтың және басқалардың еңбектері сүбелі үлес болып қосылды. Өкінішке орай, ұсынылып отырған тақырыптың төңірегіндегі мәселелер аталған авторлардың еңбектерінде ойдағыша қамтыла алған жоқ. Біз ғылымның сабақтастығын есте ұстай отырып, еліміздің конституциялық даму заңдылықтарының бірқатар теориялық даму мәселелерін жанашаландыруға тырыстық.

Дегенмен, бұрынғы кеңестік заманды орынды-орынсыз әзірейлі суреттейтін (айталық, кеңестік жүйе сырты жылтырақ, іші қалтырақ дүние болып шықты. Ол империя құрамындағы әр халықтың өркендеуіне емес, өшуіне ықпал жасады. Діннен, ділден, тілден айыруға тырысты. Барлық ұлттың басын біріктіріп, «кеңес халқы» деген қойыртпақ ұлт жасап шығаруға ұмтылудың өзі сандырақ екенін тарих дәлелді) деушілердің, қазіргімізді жөнді-жөнсіз, көбінесе мүләйімсіген мақсатпен мадақтайтын ой-пікірлерден ада болуға ұмтылды. Бұл орайда Парламент Мәжілісінің депутаты, философия ғылымының докторы А. Айталы, кезінде былай деген болатын:

«...Отаршылықта болған ұлттарға тән, бір жағынан, жылауық, екінші жағынан, дандайсушылық, бұрынғы ұлттық кемсітушіліктің орнын ұлттық абыройлы іспен емес, лепірме, желікпе мақтанушылықпен толтыруды бізде бастан кешірдік. Тарихты саралағанда барлық пәлені сыртқы күштерден деп сөйлеу, ұлтымызды бірыңғай мақтап, тек батыр, тек дана етіп

¹ Кукушкин Ю.С., Чистяков О.И. Очерк истории Советской Конституции. М., 1980. 4-бет.

көрсету – ұлттық нигилизм сияқты індеттердің бірі. Тарихтан өткен ұлт өкілдерін не періште, не жеқсұрын етіп сипаттау да – соның көрінісі»¹.

Өзіміздің туындымыздың жазылу барысында, сөз жоқ, бұл әңгіме төңірегіндегі заң ғылымдарының патриархы, академик С.З. Зимановтың пікірін тілге тиек еттік, енді осыған құлақ асалық (түпнұсқа тілінде беріліп отыр). Онда, ол: «...Было бы неправильно рисовать все советское только в черном цвете. Этот опыт может быть проанализирован и использован в различных целях: а) как завершённые социально-политические циклы, имеющие историко-познавательное значение; б) как арсенал, содержащий в себе разнообразие опыта, удачных решений и существенных ошибок, положительных моделей и невыдержавших испытания временем формул в области решения национального вопроса и проблем национального-государственного строительства; в) как начало и источник многих наших современных проблем»².

Демек, бұл еңбектің басты мақсаты – еліміздің жүріп өткен қиын өткелдерін сараптайтын Ата заңдарының (Конституцияларының) сабақтастығын сын қырағылық көзбен астарлап, оның оң (жағымды), теріс (жағымсыз-ұтымсыз) жақтарына баса назар аудару; адам құқығын, азаматтар мен мемлекет мүддесін қорғау қоғам алдындағы тұрған күрделі міндеттеріне және өзге де мәселелер төңірегіне ерекше көңіл бөлу.

Зерттеудің объектісі мен маңыздылығы – казак қоғамындағы тарихи қалыптасқан конституциялық құрылыстың екі кезеңін (1917–1991) – кенестік және (1993–1995) – казакстандық егемендік даму) баяндайтын Ата заңдарының логикалық үйлесімділігін талдау, осының негізінде заңдарымызды жетілдіру жолдары жөнінде ғылыми негізделген ұсыныстарды енгізу болмақ. Және де әдебиеттерде, сирек кездесетін болса да, көңілге қонбайтын келенсіз жәйттерді де ұмыт қалдырған емеспіз.

Жұртшылықтың назарын аулап, бұл туындыны мейлінше қазақи тілде, әрі қолдануға оңтайлы ыңғайда жазуға тырыстық. Сондықтан мұндағы нақты деректі материалдар заң тәжірибесінде, сондай-ақ, жоғары заң оқу орындарында оқытушылық қызметте, әсіресе, конституциялық құқық теориясы мен тарихы бойынша дәрістер, арнаулы пәндерді оқыту мен арнайы сабақтар өткізу кезінде; аталған пән бойынша оқулықтар мен оқу құралдарын жазу үстінде, казакстандық құқық жүйесін жетілдірудің кейбір мәселесін талдап жасау барысында пайдалануға өз септігін тигізер деген үміттеміз.

Міне, сіздерге ұсынылып отырған еңбектің басты мақсаты осыдан көрінеді, сондықтан оны іштей сезініп, шын жүректен қабыл алғайсыздар.

¹ *Айталы А.* Ұлттың биік мерейі // Егемен Қазақстан. 2002. 22 наурыз.

² *Зиманов С.З.* Теория и практика автономизации в СССР. Алматы: Жеті жарғы, 1998. 5-бет.

І т а р а у.

КЕҢЕСТІК КЕЗЕҢДЕГІ ҚАЗАҚ КСР-ІНІҢ ТАРИХИ – КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЭВОЛЮЦИЯЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ САБАҚТАСТЫҒЫ

Қазіргі таңда құқықтық мемлекетті құруға бағыт алған шақта, еліміздің даму сатыларын бейнелейтін Ата заңдарымыздың (Конституцияларымыздың) сабақтастығын айқындайтын ғылыми тұрғыда зерттеулердің мәні жоғары тұрғыдан көрінуі сөзсіз. Өйткені ол еліміздегі болып өткен елеулі өзгерістерді бейнелеп қана қоймай, оның төменгі сатыдан жоғары сатыға өрлеуінің оң және теріс жақтарын ашуға өз септігін тигізуіне мүмкіншілік береді. Ал, енді сабақтастық дегеніміз не? Бұл материалистік диалектика ұғымы, оның мәнісі – дамудың әр түрлі кезеңдері мен сатыларының ара-қатынастық байланысын көрсету, яғни жаңа өрлеу сатысына көшкен кезде бұрынғы құбылыстардың мазмұндық элементтері кейінгі құбылыстарда толықтай немесе ішінара кейбір жағымды мәнінде сақтап қалуының қарапайым тізбегіне келіп тірелуі¹. Оған дәлел – 1926 жылғы Казак (казак) Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы Конституциясының (1918, 1925 жылдардағы РКФСР, 1924 жылғы КСРО Конституцияларымен), 1937 жылғы Қазак Кеңестік Социалистік Республикасы Конституциясының (1936 жылғы КСРО Конституциясымен) және 1978 жылғы Қазак Кеңестік Социалистік Республикасы Конституциясының (1977 жылғы КСРО Конституциясымен) сабақтастығы. Бұл дегеніміз ескі Конституцияның концепцияларын (тұжырымдамаларын) жәй ғана қайталап, көшіріп жазу емес, керісінше, өмірге сай келетін тұжырымдамамен толықтырылып, керекті жерлерін өзгертіп, өңдеп, түзетулер енгізу, ал қажет болса оның кейбір мазмұндарынан ада болу.

Осы тұста академик С.З. Зиманов былай деген болатын: «Принципиальный урок цивилизации заключается в том, что при решении той или иной проблемы необходимо учитывать

¹ Философский энциклопедический словарь. М., 1983. 527-бет.

разный опыт истории и негативный и позитивный, что в высшей степени полезно при определении путей и направления развития общества в будущем. Без этого настоящее казалось бы хаосом, лишенным внутренней логики, а будущее лишилось бы стержня и во многом бы проиграло. Преемственность в истории – величайший фактор, обеспечивающий прогресс цивилизации»¹.

Тұжырымдама ретінде айтарымыз: сабақтастық – бұл кеңестік кезеңдегі еліміздің конституциялық дамуының ең басты дәстүрінің бірі, – деп қарайтындарға қосыламыз, өйткені бұлардың құрылымы кеңестік мемлекеттілікті құрудың негізгі лениндік идеяларына сүйенген. Бірақта, сабақтастықтың – бұл терістерді терістеу заңының ең маңызды жақтарының бірі ретінде қарастырылатындығын да ұмытпауымыз қажет. Бұл туралы Ф.Энгельс атакты «Анти – Дюринг» еңбегінде былай дейді: «Терістеу (форма жағынан қаралатын терістеу) даму атаулының түп төркіні болып табылады. Қарама-қайшылыққа бөліну олардың күресі мен шешімі, сонымен бірге (тарихта ішінара ойлауды толығымен) жасалған тәжірибенің негізінде бастапқы негізгі сатысына қайтадан жетуге болады, бірақ жана неғұрлым жоғары дәрежеде жетеді»²

В.И. Ленин диалектиканың негізгі белгілеріне мынадай сипаттама береді: «Өтіп кеткен сатыны бейне бір қайталайтын, бірақ басқаша түрде, неғұрлым жоғары негізде қайталайтын даму («терістеуді терістеу»), тура жолмен емес, былайша айтқанда, спираль бойымен даму; секірмелі, апатты, революциялық даму; бірте-біртелік үзілістері»; санның сапаға айналуы; не белгілі-бір құбылыс шеңберінде, не белгілі бір қоғам ішінде белгілі-бір денеге әсер ететін әр түрлі күштер мен тенденциялардың қайшылығы, қактығысуы арқылы дамуға түрткі болатын ішкі импульстер; әрбір құбылыстың барлық жақтарының (оның үстіне тарих барған сайын жана жақтарды аша береді) өзара тәуелділігі және мейлінше тығыз, ажырамас байланысы, қозғалыстың дүниежүзілік біртұтас заңды процесін туғызатын байланысы, даму туралы ілім... диалектиканың кейбір белгілері осылар».

Демек, әдістемелік жағынан қарағанда сабақтастық сан өзгерістеріне ауысу, қарама-қайшылықтың бірлігі мен күресінің

¹ *Зиманов С.З.* Теория и практика автономизации в СССР. Алматы: Жеті жарғы. 1998. 86-бет.

² *Энгельс Ф.* Анти-Дюринг. Алматы. 1957. 343-бет.

философиялық заңдарына негізделген. Осы өлшемдерге Қазақстан конституцияларының қалыптасуы мен дамуына қатысты еліміздің тарихи кезеңдегі әлеуметтік тәжірибе мен саяси мүдделеріне сай келетін Алаш Конституция жобасының концепциясын (тұжырымдамасын), бес Ата заңдарын атап өтуге болады. Кеңестік заманға тура келетін алғашқы үшеуі әңгімеміздің төркіні болмақ.

Алайда, кеңестік замандағы одақтас республикалардың ерекшеліктеріне, сондай-ақ олардың конституциялық заңдарына тигізетін ықпалына мынадай факторлардың әсерін ешкімде жоққа шығармаған: 1) халықтың әлеуметтік, таптық құрамы және таптардың (топтардың) өзара қарым-қатынастарының сипатын (қоғамдық құрылыс пен саяси негіздерін, азаматтардың саяси мәртебелігін және басқа да өзекті мәселелерді белгілегенде); 2) әр елдегі экономиканың өзіндік дамуын (әрине, экономикалық жүйені, мемлекеттік басқару органдарының жүйелерін белгілеу конституциялық нормалардың мазмұнына әсері); 3) жергілікті табиғи ауа райы мен географиялық орналасқан жағдайларын (айталық, табиғи байлықтардың болуы не болмауына, аумақтың көлеміне, кейбір аудандардың шалғай орналасқандығына қарай мемлекеттік басқару органдарының құрылуы, сайып келгенде, әкімшілік-аумақтық немесе ұлттық — мемлекеттік құрылысқа бөлінуі); 4) халықтың ұлттық құрамын (бір не бірнеше тілдің мемлекеттік деп танылуы, олардың жұмыс тілі ретінде республика өңіріне пайдалануға әсері); 5) халықтың санын (әкімшілік-аумақтық мәселелерін шешуге, заң шығарушы органның сандық құрамын айқындауға ықпалы); 6) халықтың психологиясы мен тұрмыс салтының әркелкілігін (жеке тұлғаның құқықтық жағдайын, ар-ождан бостандық принциптерін бекіту ерекшеліктеріне, сондай-ақ, мемлекеттік тілді таңдауға не одан бас тартуға тигізетін ықпалдылығы, т.б.); 7) республикалардың өзіндік тарихи дамуын, олардың конституцияларының преамбуласын (кіріспесін), т. с. с. көңілден тыс қалдырмаған.

Әрине, республикалық конституциялардың өзгешеліктері, көптеген жағдайларда заңгерлердің іскерлігі мен білімділігіне байланысты екендігін ұмытпауымыз керек, өйткені конституциялық нормаларды пайымдағанда, халықтың суверенді еріктілігін есепке ала отырып, сол кездегі қоғам алдындағы міндеттіліктің қажеттілігін толық түсініп ұғынулары тиіс. Бұған

сөз жок, құқықтық дәстүр мен әдет-ғұрыптар көзделінген бұрынғы конституциялық заңдар басты рөл атқарады. Кеңестік конституциялық құрылысқа шетелдердің конституциялық тұжырымдары да және республикалардағы заң ілімдерінің дамуы да өз үлесін қосатыны сөзсіз. Кезінде еліміздің автономиялық республика ретінде Ресей федерациясының құрамында болуы, артынан одақтас республика бола тұрып КСРО құрамына енуі осының дәлелі.

§ 1. АЛАШ КОНСТИТУЦИЯ ЖОБАСЫНЫҢ КОНЦЕПЦИЯСЫ (ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ): ТҮСІНІГІ, ҚҰРЫЛЫМЫ, МӘНІ

Қазақстанның тарихи конституциялық даму дәуірінің тәуелсіздікке қарай бет бұрған алғашқы қадамындағы қоғам үшін ең маңызды үш ірі мәселелер (мемлекеттік құрылыс, тұлғаның құқықтық мәртебесі және мемлекеттік органдардың жүйесі туралы) топтамасымен байланысты конституционализм идеяларының тамыры ғасырлар тереңіне кетеді. Бұл тұрғыда «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», «Тәуке ханның «Жеті Жарғысы» секілді құқық ескерткіштерін айтсақ та жеткілікті. Алаш Конституция жобасының концептуалдық тұжырымдары — осы құжаттардың кейінгілері қатарында.

Қазақстанның егемендік алғаннан кейін қазақ этностарының бүкіл өмірі мен қызметіне, оның тарихы мен мәдениетіне, сондай-ақ, қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуына көңіл бөлуі айтарлықтай өсті. Ұзақ уақыттар бойы қазақ тарихының объективтік шындығы шаң-тозанның астында көмулі келген болса, ендігі жерде бұл мәселелер ғылыми тұрғыда бейнеленетініне ешкімде күмән келтірмес.

Айрықша пайымдауды қажетсінетін басты мәселенің бірі — ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақ ұлттарының топтастырылу (бірігу) кезені. Бұл кезде ұлттық зиялылардың қазақ мемлекеттілігін жандандыру идеясы үгіт-насихат жұмысының күн тәртібіндегі өзегі болатын. Сөз жок, мұның тамыры Алаш Конституция жобасының концептуалды арқауы болған 1917 жылғы Алаш партиясының ұлттық бағдарламасына келіп тірелгені бәрімізге мәлім.

Атамекенде өмір сүріп отырған сол кездегі қазақ елінде — қазақ мәселесі болғандығын, ол күні бүгінге дейін өз маңызын жоғалтпағандығын мойындауымыз керек. Бұның түпкі тамыры — қазақ мәселесінің мынадай төрт құрамдас бөлігінде жатыр: Ұлт

мәселесі, Тіл мәселесі, Дін мәселесі және Жер мәселесі. Бұл аталған қазақи иісті ұлттық идеялар бағдарламаның 10 бөліктен тұратын тұжырымдамаларында қазақтардың қайғы қасіреттеріне қатысты қамтылған мәселелердің (айталық, ұлттық автономиялы мемлекет құру, өзін-өзі билеу, тәуелсіздік, бостандық, т.б.) өзегі. Сөз төркіні ендігі жерде жоғарыда аталған төрт мәселе төңірегінде болмақ. Бұның мазмұнына, реттейтін мәселелердің маңыздылығына қарай қазіргі құқықтық жүйеде ол жоғарғы тұрғыдан көрінетіні сөзсіз. Сол кездегі революциялық тап күресінің шиеленіскен заманындағы қарама-қайшылықтың үдеген шағында революцияның қызу қанды энтузистері Т. Рысқұлов, Т.Бокин, Ә. Жангелдин, О. Жандосов Кенес үкіметінің пролетариат диктатурасын құрамыз деп әлектенсе, оларға қарсы жақ, қазақтың зиялы кемеңгерлері (А. Байтұрсынов, Ә. Бөкейханов, М. Дулатов, И. Ғұмаров, Ғ. Жүндібаев, Ғ. Бірімжанов) қазақ жерінде ұлттық мемлекет құру бағытын ұстап, бүкіл-ресейлік көлемде биліктің бөліну теориясын тани отырып, мемлекет тетігіндегі тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесіне сай ұлттық мемлекет құру жөніндегі өз вариантын ұсынды. Бұл сонынан Алаш Конституция жобасының тұжырымдамасына ұласты. Бұл жерде Тұжырымдама (концепция) дегеніміз – латын тіліндегі *conscriptio*, бұл түсініктеме, қандай да бір затқа немесе құбылысқа негізгі көзқарасты түсіндіріп, жүйелі түрде ашу үшін қажетті бастапқы идея. Тұжырымдама термині, сондай-ақ, ғылыми, техникалық, саяси және өзге де қызметтің түріндегі конструктивтік принциптерді, алдыңғы қатарлы ой-өрісті белгілеу үшін қолданылады.

Сонғы кездерде баспа беттерінде Алаш партиясының бағдарламасын Алаш Конституциясының жобасы деушілердің қатарында заң ғылымдарының докторы, профессор А.К. Котов бар. Ол мақаласында (түпнұсқа түрінде беріп отырмыз): «Эпохи конституционной эволюции Казахстана вбирает в себя весь XX век. В нашем видении эта эпоха с известной долей условности подразделяется на следующие основные вехи (периода, этапы): досоветский (1900–1917 г.г. от национал-демократических идей к проекту Конституции Алаш)¹. Сөз жоқ, біз оның пікірімен келісеміз, өйткені мұнда Конституция тұжырымдары

¹ Котов А.К. Конституционное становление Казахстана как нового независимого государства// Научные труды «Әділет», 1997. № 1. 5-бет.

жөнінде сөз етерлік концептуалдық қағидалар, идеялар баршылық. Өз еңбегіміздегі «Алаш Конституция жобасының тұжырымдамасы» делінуі осының айғағы.

Жоғарыда аталған бұл құжаттың пайда болуына өз септігін тигізген 1905 жылғы қазақтардың тұңғыш саяси ұйымы – Қазақ конституциялық-демократиялық партиясының бағдарламасы, сондай-ақ конституциялық-демократиялық пиғылды қазақ ұлттық зиялыларының бұл мәселе төңірегіндегі ой-пікірлері мен теориялық жағынан тұжырымдалған концептуалдық еңбектері.

Жоғарыда аталған партия бағдарламасындағы (1905) өзекті мәселе – ұлт бостандығы. Ол 9 бөлімнен, 44 баптан тұрады: I бөлімде «Азаматтардың негізгі еркіндіктері» (Ресей патшалығының барлық азаматтары жынысына, дініне, нәсіліне қарамай бәрі заң алдында тең болуы; олардың діни сеніміне кеңшілік беру; әрбір азаматқа өз ойларын газеттер бетінде халыққа мәлім етуге ерік беру, цензураның жойылуы; адамдарға бірігіп жиналыс жасауға, кенесуге, партия құруға, арызданып-шағымдануға ерік беру; соттың үкімі болмайынша ешкімді тұтқындамауға, жерінен қууға тыйым салу, тек соттың үкімі бойынша ғана жазаға тартылуы; әр азаматтың емін-еркін жүріп тұруға, шетелге шығуға ықтиярлығы; өз ана тілінде сөйлеу еріктілігі; Мемлекеттік Думада, Сенат пен министрліктерде сөйлеу тілі – орыс тілінің болуы) жөнінде сөз етілсе, II бөлімде «Патшалықтың қалпы» (халық өкілдерінің – депутаттардың тегіс, тікелей, құпия түрде бас салып сайлануы; бұлардың қарауынан өтпеген ережелердің, бұйрықтар мен указдардың күш-қуатының болмауы; патшалықтың түсімі мен шығынын жыл сайынғы халық өкілдерінің бекітуі; бұларсыз салықтың салынбауы; министрлердің өз қызметі туралы халық өкілдері жиылысында есеп берулері) тұжырымдалады.

Бағдарламаның ең негізгісі – бұл халықтың өзін-өзі билеуі (III бөлім). Мұнда: Бүкіл Ресей империясында әр облыстың, әр губернияның өз билігі өзінде болу (земство түрінде), империяның кейбір өкілеттігін земствоға беру т.б. мәселелер қаралған. Сондай-ақ, қазақтардың арасында – «народный сот» болмасын, «мировой судьяларды» халық сайласын; «окружной сот» абақтыға жабу және одан да қатал жазалар белгілеу секілді істерді қарағанда халықтан жеребе салу арқылы сайланған он екі адамның қатысуымен үкім шығаратын болсын, делінген IV «Сот» бөлімінің желісінде.

Әсіресе, қазіргі маңызды мәселенің бірі болып табылатын Жерге байланысты тұжырымдар бағдарламаның VI бөлімінде паш етіледі (қазақ халқының жері мен суы мәңгілік өздерінікі және оған ешкімнің ортақтығы жоқ деп негізгі заңға жазылсын; бұлардың жері қазына жері және ол жерге орыс мұжықтары орналассын деген заңдар бұзылып, жоқ қылынсын; қазақтардың жерін өздерінің рұқсатынсыз мәңгілік орыстар ала алмайтындай болсын). Қалған бөлімдер дінге (V бөлім), алым-салықтарға (VII бөлім), жұмысшыларға (VIII бөлім), мектептерге (IX бөлім) арналған.

Осыдан келіп «біз, Қазақ конституциялық-демократиялық партиясы жалпы ұлттық деңгейге көтеріле алмаса да аса маңызды оқиға болды», – деген А. Махаеваның тұжырымдамасын бөлісеміз¹.

Сөз етіліп отырған мәселе төңірегінде елеулі көмек көрсеткен, өзінің ғылыми еңбегімен қазақ жұртшылығына танымал Барлыбек Сыртановты елемей кетуге біздің хақымыз жоқ. Ол 4 бөліктен, небарлығы 28 баптан тұратын «Қазақ өлкесінің Жарғысы (уставы) туралы» сомалы еңбегінде қазақ елінің ерекшеліктерін, оның рәміздерін, ұлт мәжілісін, ел басшысы Президенттің мәртебесін (оның 4 жылға, екі мәртеден аспайтын уақытқа сайлануын), Вице-Президент лауазымын, сондай-ақ, биліктің тармақтарға бөліну принциптерін (заң шығару, атқарушы және сот билігі), олардың тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін пайдалану арқылы, өзара іс-қимыл жасау принципін («үш билік бір-біріне бағынбайды, бассыздыққа жол бермеудің белгісі болып тұрады», – деуі) әрі соттың тәуелсіздігін ыждағаттықпен тұжырымдап шықты. Аталған Жарғыда өзге де елеулі мәселелер көтерілген (адам құқығы, жер)². Егер біз Жарғының жарық көрген мерзіміне көңіл бөлсек (1913), онда Алаш партиясының бағдарламасын тұжырымдауда өз септігін тигізген болжау қиынға соқпайды. Сондықтан, Б. Сыртановтың мемлекеттік құқықтық мәселелерінен туындаған ой-өрісінің жемісін «Қазақ өлкесінің Жарғысын» сол кездегі қазақ елінің ұлттық Конституция жобасының бірі деп есептеуге әбден болады.

¹ *Махаева А.* Қазақтың тұңғыш саяси партиясы тарихының беймәлім беттерінен: Алматы: Ақиқат, 1998. № 9. 81–84-беттер.

² *Өзбекұлы С.* Барлыбек Сыртанов. Алматы: Жеті жарғы. 1996. 87–90-беттер.

Қазақ зиялыларының көтерген маңызды мәселелерінің жиынтығы болып саналатын Алаш Конституциясы жобасындағы ең қомақты тұжырымдаманың бірі – ұлттық мемлекеттің өзін-өзі билеу идеясы. Алаш зиялылары этникалық казактардың тұрған аумағын біріктіріп, Ресей федеративтік республика шегінде оларға ұлттық автономия беруін талап етті, өз бағдарламасында солай деп жазды: «Қазактардың автономиясы өз тұрғылықты жеріндегі облыстардан құрылады және ол Ресей Федеративтік Республикасының құрамдас бөлігін құрайды», – делінген (II бөлімде). Демократия деп түсіндірілді жақша ішінде жазылған бағдарламада – мемлекетті жұрт билеу. Федерация мағынасы құрдас мемлекеттер бірлесуі, федеративті республикада әр мемлекеттің іргесі бөлек, ынтымағы бір болады, әрқайсысы өз тізгінін өзі алып жүреді. (I бөлімде)¹. Ал «Қазакстан: мемлекеттік кезендері (Алматы. 1997. 6–7-беттер.)» атты кітапта «қазақ жүрген облыстардың бәрі бір байланып, өз тізгіні өзінде болып, Россия республикасының бір органы болуы. Реті келсе, казак автономиясы сыбайлас жұрттармен әзірге бірлестікте болуы, реті келмесе бірден-ақ жеке болу» делінген. Бұл екі сөйлемнің арасында бір-бірімен қабыспайтын жерлері бар екенін көріп отырмыз. Соның өзінде де бұл мәтіндегі сөздерге зейін салып қарасак, бұдан біз еліміздің Ресей Федерациясының құрамына енетін, оның субъектісі болып табылатын, бірақ мемлекет ішіндегі бүкіл мәселелерді дербес шеше алатын тәуелсіз ұлттық автономиялық құрылым ретінде көрініс табатынын білдік. Сайып келгенде, мұны мемлекеттік құрылыстың конфедерациялық түрі ме деп те қаласын, өйткені қазіргі біздің түсінігімізше бұл ұғым (латын тілінде *confederation* – қауымдастық) тәуелсіз мемлекеттердің одағы дегенді білдіреді. Бұған кірген мемлекеттер өз егемендігін (тәуелсіздігін) сақтайды. Конфедерация субъектілерінің әрқайсысының өзіндік заң шығару, атқарушы және сот биліктерінің органдары, өзінің конституциясы сақталынады. Олар өз аумағында толық билікті дербес жүргізе береді. Демек, конфедерация – бұл елдердің тәуелсіздігін сақтайтын өзіндік мемлекеттік өкімет пен басқару органдары бар, әрі белгілі бір мақсатқа жету үшін үйлесімді әрекетке бейімделген арнайы біріккен органдарды құратын біріктіріл-

¹ Алаш Орда. Сборник документов / Сост. Н. Мартыненко. Алматы. 1992. 88-бет.

ген мемлекеттер. Шындығына келгенде, сол кездегі еліміздің егеменді (тәуелсіз) ұлттық автономиялық мемлекетін федерация ішінде құру жөніндегі ұлттық идеяның түбірінде ұлттардың федерациядан бөлініп шығу құқығы жатқандығын байқауға болады. Бұған дәлел, 1918 жылғы 18 мамырдағы «Правда» газетінде жарияланған мақаласында И. Сталин: «Автономиялық топтар (мен татар, башқұрт, казак, грузин, армян және басқалардың ұлттық кеңестерін айтып отырмын) бәрі бір нәрсеге: орталық өкімет олардың істеріне араласпауына, бақылауға алмауына ғана жетуді ансайды. Біз автономия бергенде ғана Орталық Кеңес өкіметін мойындаймыз, бірақ жергілікті Кеңестерді мойындай, алмаймыз, олар біздің ісімізге арласпауы тиіс, біз қалағанымызша ұйымдасамыз, біз өзіміздің ұлттық жұмысшыларымыз бен шаруаларымызға, бізге қалай ұнаса, солай қараймыз дейді. Міне, сол буржуазиялық автономия». Демек, сөздің төркіні қай жаққа бұрылғандығын білу қиын емес еді. Соны байқап қалған. Ә. Бөкейханов, сол кездегі казак зиялыларының нені талап еткендерін нақтылай түсті: «Бізге, деді ол, федерация мен автономия туралы айтады, біздің талабымыз өзімізге өзін-өзі билеу, қалай басқарып, қалай өмір сүретінімізді өзіміз шешуіміз қажет, бізге сондай құқық берулері қажет. Елді Питерден, тіпті бұл жөнінде Сібір туралы айтсақта болады, басқаруға болмайды – бір жерден басқаруға болмайды... Мен Ресейді облыстардан құрылатын федеративтік және штаттық мемлекет ретінде көремін. Халықтың бақыты федерацияда ғана болады. Ресей халықтары одан бөлініп шыққысы келеді деп кінә тағу бос сөз: біз орыстармен бірге ақыр соңына дейін соғысамыз, сондай-ақ, ақыр соңына дейін бостандықты қорғаймыз»¹. Дейтұрғанменде, Алаш басшылары Кеңес өкіметін мойындағанымен, ұлттық ерекшелікті (билігі өзіндік заң шығарушы орган (парламент), атқарушы, өзін-өзі басқару, әскери қаржыны басқару құқығы мен өзіндік заңдарға иелі болуы және өзге де дербес мемлекеттің атрибутын) сақтап қалуға ұмтылды. Әрине, бұл сол кездегі қалыптасқан большевиктік көзқарасқа мүлдем қайшы еді, өйткені соңғысы «федерацияға бірігетін ұлттардың бір-ақ өкіметке, Кеңес өкіметіне кесімді талапсыз бағынуларын» қалады.

Бағдарламаның тұжырымдамасына сын көзбен қарасақ, мынаны анықтау қиын емес, оның авторлары жалпы федера-

¹ Бөкейхан А. Избранное. Алматы: Қазак энциклопедиясы. 1995. 478-бет.

цияның не екенін, соның ішінде тұрып шексіз билікке ие бола алмайтындығына көздері жетпеген сияқты. Егер оны біле тұра істесе, онда тек Ресей Федерациясына ғана емес, бүкіл дүниежүзілік қауымдастыққа қарсы ниет білдіру деген сөз, өйткені федеративтік жүйе ертеден қалыптасқан. Оның мәні мынада. Федеративтік мемлекет – латын тілінде *feodus* – одақ, яғни күрделі мемлекет ұғымын айтады. Оның құрамына бірнеше мемлекеттер немесе мемлекеттік құрылымдар – федерация субъектілері (федерация мүшелері) кіреді. олардың әрқайсысы әр түрлі аталуы мүмкін, мысалы, республикалар, автономиялық облыстар, автономиялық округтер, т.б. Федерация мүшелері федерациядан шығу туралы мәселені біржақты шешуге мүмкіншіліктері жоқ. Былайша айтқанда, өз еркімен одақтан шығуға құқығы жоқ. Сондықтан, федерация мүшелері толық егемендікке иелі емес. Дейтұрғанмен де бұлар өз аумағында мемлекеттік мәселелерді дербес шеше алатын өзіндік аппараттары (заң шығару, атқарушы, сот прокуратура, милиция, т.б.), өзіндік ұлттық, әкімшілік-аумақтық бөліністері болады. Ең бастысы – өзіндік заңдары, конституциясы бар. Бірақ федерацияға тәуелді, бірігіп, үйлесімді жұмыс істеулері тиіс. Сол кездің өзінде-ақ, көтеріліп отырған мәселе төңірегінде бұдан өзгешелеу (тіпті қарамақайшы десек те артықтау болмас) пікір-таластардың болғандығын жасыра алмаймыз. Айталық, «Қазақ елінің Уставының» авторы Б. Сыртановтың негізгі идеясы «Қазақстанды Ресей отарынан шығару және дербес, тәуелсіз мемлекет құру»¹ болса, ал М. Шоқайдың «тюркизм» идеялық концепциясы (тұжырымдамасы) бойынша бүкіл Түркістан халықтары (қазақ, өзбек, түркімен, тәжік және қарақалпақ) ортаазиялық республикалардың федеративтік одағына бірігіп, біртұтас, бөлінбейтін ұлттық Түркістан мемлекетін, Швейцария федеративтік мемлекет құрылысы тәріздес етіп, құру қажеттігін дәлелдеп басты. Оның ойынша, мемлекет барлық саяси институттардың ішіндегі ең ірісі бола тұрып, бүкіл азаматтық қоғамның өкілі ретінде, егемендікке иелі болуға тиіс»². Дәл осы тәріздес идеяны А. Теміров қолдады. Ол өз сөзінде, Алаш Орданың өз алдына автономия бола

¹ *Өзбекұлы С.* «XVII ғасырдың соңы – XX ғасырдың бас кезінде Қазақстандағы саяси-құқықтық ой-пікірдің тарихы және қайраткерлері» (заң ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған дисс. авторефераты) Алматы, 1999, 33-бет.

² *Сергазин Б. Р.* «Государственно-правовые взгляды Мустафы Чокая (М. Чокаева)», автореферат канд. дисс. Алматы, 2002. 16–18-беттер.

алмайтынын, онын Түркістан автономиясына қосылуының себептерін дәлелдей отырып «қазақ халқы өз алдына жеке мемлекет болып Түркістан республикасын жариялау, соның негізінде Шығыс мемлекеттермен достық қарым-қатынас орнату қажет», – деп қорытындылайды. Ол «қазақ автономиясының Ресей құрамына кіруін кешірілмейтін саяси қателік» деп санады. Ресей қанша федеративтік демократиялық мемлекет болғанымен Қазақстанның тәуелсіздігінің жоққа шығарылуы сөзсіз еді. Абдолла Теміровтың бұл идеялары тіпті 1918 жылдың күз айларының өзінде-ақ уақытша жалпыресей өкіметінің арнайы жарлығымен Алаш Орданың қызметін тоқтатып, империяның аз ұлттарға деген ұлы державалық шовинистік мақсатынан тағы да айқын көрініс тапты. Бірде, Абдолла Теміров болжағандай болғанына қайран қаламыз. Көрегенділік деп бағалауға тұрарлық қасиет деп аяқтайды өз сөзін белгілі заңгер ғалым, заң ғылымдарының докторы, профессор С. Өзбекұлы¹.

Дегенмен, өзіміз білетініміздей, өз алдына дербес, тәуелсіз Түркістан ұлттық мемлекетін құру идеясы да бертін келе іске аспады. Кезіндегі құрылған Қоканд автономиясы, одан кейінгі, Түркістан автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы (екі бірдей қабылдаған Конституциясына карамастан, 1918 және 1920) да, көп ұзамай, 1924 жылы тәжік, өзбек, түркімен, қырғыз халықтарының өз алдына жеке бөлініп шығуына байланысты ыдырады. Сөйтіп сонында, казак, ортаазиялық халықтарының көкейкесті идеялық армандарының орындалуына сол кездегі елеулі тарихи жағдайлармен қоса олардың ауыз бірлігінің жоктығы себеп болды деуге әбден болады. Баксақ, мұның орындалып, іске асырылуына 70 жылдан астам уақыт ішіндегі өтпелі кезеңдерден өтуіміз қажет екен. Онда да бұған Кеңес өкіметінің табалдырығы шайқалып, құлдырап құлауы бірден-бір себепші болды.

Сөйтсе, Ресей халықтары бөлініп шығып, өз алдына дербес мемлекет құруға дейін өзін-өзі билеуге құқылы дейтін қағида Қазан революциясына дейінгі лениндік ұлт саясатына, сондай-ақ «Ресей халықтары құқықтарының Декларациясына» қайшы келмейтін. Тіпті большевиктер партиясының басшылары да ұлттардың бөлініп шығып, дербес мемлекет құруына дейін өзін-өзі билеуге құқылығын қолдап, өздерінің негізгі принциптерінің

¹ *Өзбекұлы С.* Қазақстанның саяси-құқықтық ой-пікір тарихының өзекті мәселелері. Алматы: Білім, 2004. 104–105-беттер.

бірі деп саналды. Кейбір жағдайларда ол іске асырылып (айталық, Финляндия мен Польшаға бөлініп шығып, өз алдына дербес мемлекет құруға рұқсат бергенді еске түсірелік) бүкіл шет аймақтардағы, әсіресе Орта Азия халықтарын лениндік ұлт саясатының дұрыс екендігіне сендіру еді. Жалпы солай істелінді де. 1906 жылы жазылған В.И. Лениннің «Жұмысшы партиясының аграрлық бағдарламасын қайта қарау» атты еңбегінде: «ұлттардың өзін-өзі билеу құқығы біздің бағдарламамызда мойындалған, демек Закавказье Питерден бөлініп, өзін-өзі билеуге құқылы»¹, — делінген.

1913 жылғы «Ұлт мәселелері туралы тезистер» еңбегінде Ленин қайталап, қазіргі кезде Ресей өзін қоршаған елдермен салыстырып қарағанда ең артта қалған мемлекет құрылыс ретіндегі ел болып табылады... Сондықтан Ресей өзінің барлық насихатында барлық ұлттардың жеке мемлекет құруына немесе құрамында тұрғысы келетін мемлекетті еркімен тандап алуға құқылығын қолдауы қажет², — деді.

Қазан революциясының қарсаңына дейін бірыңғай көпұлтты мемлекеттің құрамында қалғысы келетін ұлттарға партия облыстық аумақтық автономияны ұсынды. Айталық, «ұлт саясаты туралы мәселе жөнінде» В.И. Ленин: «Демократиялық мемлекет әр түрлі облыстардың, әсіресе халқының ұлттық құрамы әр алуан облыстар мен округтердің автономиясын мойындауға тиіс. Мұндай автономия демократиялық централизмге ешбір қайшы келмейді; керісінше, үлкен және ұлттық құрамы жағынан ала-құла мемлекетте шын демократиялық централизмді тек облыстар автономиясы арқылы ғана жүзеге асыруға болады»³ — деген. Бұған, сол кездегі кеңес өкіметінің басшысы, бірнеше рет қайтадан көңіл аударып, демократиялық централизмге ұлттық автономияны қарсы қоятындарды қатаң сынға алды. «Централизмге қарсылар централизмнің кездейсоқтарымен күресудің құралы ретінде автономия мен федерацияны ұдайы тықпалай береді. Шындығына келгенде демократиялық централизм автономияны ешбір жоққа шығармайды, қайта керісінше, оның қажеттігін көрсетеді»⁴.

¹ Ленин В.И. Шығармалар толық жинағы. 25-том, 268-бет.

² Ленин В.И. Шығармалар толық жинағы. 25-том, 47-бет.

³ Бұл да сонда. 25-том, 77-бет.

⁴ Златовое С.З. Теория и практика автономизации в СССР. Алматы. Жеті жарық, 1998. 33-бет.

«Ресей халықтарының құқықтары Декларациясында» Ресей халықтарының теңдігі мен егемендігі жөнінде; олардың өз еркімен бөлініп шығуы мен жеке мемлекетін құруға дейін өзін-өзі билеу құқығы; бүкіл ұлттық және ұлттық дін артықшылықтары мен шектеулерін жою туралы; Ресей аумағында тұратын аз халықтар мен этнографиялық топтардың еркін дамуы туралы айтылды.

Жоғарыда келтірілген пролетариаттың саяси кеменгерлерінің сөздерінен мыналар туындайды: а) қоғамның автономиялық құрылымы «халықтың әр қилы ұлттық құрамды» мемлекетте объективтік қажеттілік болып табылады; б) кеңестік тұрғыда құрылған көпұлтты мемлекетте мейлінше ұзақ не қысқа мерзім ішінде ұлттардың өзін-өзі билеу құқығы танылуы тиіс; в) ұлттық автономия кеңес жүйесінің өмір сүруі мен дамуының негізгі принциптеріне қайшы келмейді, қайта керісінше, оның қажет-тілігін көрсетеді¹.

Демек, ұлттардың (халықтардың) өзін-өзі билеу құқығы дегеніміз, тар мағынасында, ең алдымен өзінің мемлекеттік нысандарын таңдауға хақылығы. Кең мағынада, бірынғай мемлекетке өз еркімен автономиялық республика, автономиялық облыс, т.б. түрінде бірігу, не одан бөлініп шығып егеменді (тәуелсіз) мемлекетін дербес құру, өзінің ішкі құрылысында бүкіл мәселелерді дербес шешу. Егер ұлт одақтас республикасын құра алмаса (өз аумағында басым көпшілікке ие бола алмаса), онда социалистік автономизациялау принципіне сәйкес, ұлттар автономиялық республика, автономиялық облыс немесе автономиялық округ нысандарының бірін қалап алуға құқылы. Осы тұста В.И. Ленин: «Тек, $\frac{1}{2}$ миллион ғана емес, тіпті 50000 халқы бар автономиялық ұлт округтері неліктен бола алмайды, — егер бұл қолайлы болса, егер бұл экономикалық айналым үшін керек болса, мұндай округтер әр түрлі көлемдегі көршілес округтермен мейлінше, әр алуан жолдар арқылы бірынғай автономиялық «өлке» болып неліктен біріге алмайды»². Қазақтардың толық санын 1897 жылғы Ресей империясының жүргізген жалпыхалықтық санағының материалдарынан көре аласыздар. Сол санақ мәліметі бойынша қазіргі Қазақстан шегінде қазақтардың саны 3. 392751 адам (қазақтардың жалпы саны 87,7%) құрайды. Орал облысында — 460.173 адам, Торғай

¹ Зиманов С.З. Теория и практика автономизации в СССР. Алматы: Жеті жарғы, 1998. 33-бет.

² Ленин В. И. Шығармалар толық жинағы. 24-том. 164-бет.

облысында – 410.904 адам, Ақмола облысында – 389204, Семей облысында – 604.564, Жетісу – 515001 адам, Сырдария облысында – 741811 адам, Закаспийск облысының Маңғышлақ уезінде – 63795 адам, Астрахан губерниясының ішкі Ордасында – 207299 адам тұрды. Бұдан басқа қазақ диаспораларының елеулі бөлігі Омбы уезінде – 38.185 адам, Томск облысында – 24643 адам, Тобол облысының Тюкалы уезінде – 5148 адам, Ташкент уезінде 16310 адам. Амудария бөлімінде 47145 адам, сондай-ақ, Жезак, Ходжен, Пишпек уездерінде де тұрып жатты¹. 1922 жылы Қазақ автономиялық республикасындағы халықтың жалпы 5367000 адам². 1926 жылғы санақ бойынша Қазақ АКСР-інде 6,5 млн. халық тұрған, оның ішінде басым көпшілігі қазақтар – 57,1%, орыстар – 19,7%, украиндар – 13,2%, белорусьтер – 0,4%. Ортазия халықтарының ішіндегі ең көбі өзбектер – 3,3 %, қарақалпақтар – 1,8%, ұйғырлар, т.б.³ Қай жағынан қарасақта қазақтардың саны жалпы халықтың санына қарағанда өте басым көпшілікті болып келді. Сондықтан, халықтың саны мемлекеттіліктің нысандарын анықтағанда шешуші болмаса да, басты рөл атқарады.

Жоғарыдағы қазақтардың тұрғылықты жерлеріне назар аударсақ, оның өзіміздің болашақ автономия құруға қажетті әкімшілік-аумақтық құрылысымыз екен. 1917 жылғы 5–13 желтоқсанда Орынборда өткен Жалпықырғыздық (қазақтық) съезінің қаулысына сәйкес құрылған Алаш атты ұлттық-аумақтық автономия құрамына бірыңғай мәдениеті, тарихы мен бірыңғай тілі бар төмендегідей облыстар мен региондар кірді: Семей, Ақмола, Торғай, Орал, Сырдария, Ферғана, Жетісу облыстары. Бөкей ордасы, Закаспийск облысының Ордамангышленск уезі, Самарқанд облысының Әмудария бөліміндегі Жезак уезі және Тобол губерниясының кейбір уездері (Бийск, Славогородск, Змеиногородск) мен Алтай өлкесіндегі қазақ тұрғындары. Ал, 1917 жылғы 5 желтоқсанда болып өткен Орынбор бүкіл жалпы-қазақ – қырғыз съезінің қаулысында мұнымен қатар мынадай тіркестірме сөз жазылған: «іргелес болыстардың жері бірыңғай, іргелі халқы қазақ-қырғыз, қаны, тұрмысы, тілі бір болғандықтан өз алдына ұлттық – жерлі автономия құруға» құқылы.

¹ Турчанинов И.А. Население Азиатской России//Азиатская Россия. 1914. Том 1. 82-бет.

² Зыманов С. З. Теория и практика автономизации в СССР. Алматы: Жеті жарғы. 1998. 47-бет. (3-кесте).

³ Всесоюзная перепись населения 1926 г. Сибирский край. М., 1928. 13-бет.

Осы орайда жол жөнөкөй айта кететін бір жәй – Қазан революциясынан кейін Ресейдің шалғай жатқан шығыс шет аймақтардағы ұлттық қозғалыс мемлекеттік егемендікке қол жете алмады, өйткені мұнда әлі де болса дамыған ірі-ірі өндірістік шаруашылық, әкімшілік және мәдени орталықтары қалыптаспаған еді. Бұл – аумақтық автономия құрудың басты критериясының бірі деп есептеуге болады. Бірақ, халықтың ұлттық құрамы – өте маңызды экономикалық факторлардың бірі, алайда ол басқа факторлардың арасында бірден-бір фактор емес.

Мемлекеттіліктің нысандарын айқындағанда жоғарыда сөз етілгендерден басқа өлшемдердің де рөлі кем емес. айталық болашақ республиканың даму деңгейі, жер көлемі, географиялық орналасуы, өндірістік шаруашылық орталықтарының болуы, материалдық ресурстар (қазбалы кен байлықтары, т.б.) мен интеллектуалдық күштер (ұлттық маман кадрлар) т.б. (11-бетті қараныз).

Қаралып отырған мәселедегі ұлттардың өзін-өзі билеу проблемалары туралы сөз еткенде, олардың егемендігін анықтау халықтың тұрғылықты аумағынсыз мүмкін емес. Сондықтан, ұлттық мемлекеттік құрылыстағы аумақтық мәселе құқықтағы ең қауіпті және реттелінбеген, әрі дүлей апатты келеді. Бұған бірсыпыра республикалардағы (Закавказ, Қырғызстан, Молдаво, Қазақстан, т.б.) оқиғалар дәлел.

Бұл факторларды елемей орағытып кеткісі келгендердің ақыры келенсіз жәйттерге душар болуы мүмкін. Оған тарих куә. Кеңес заманы кезінде неміс автономиясысының қазақ даласында қалай құрыла жаздағаны жөніндегі әнгімелер газет беттерінен көрінетін. Солардың бірі, дәл осы тақырыпқа арналған А. Кәкеннің көлемді мақаласы 2002 жылғы 30 қаңтарда «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланды (әрі ол «Познание себя. К вопросу несостоявшейся немецкой автономии» атты кітаптың төте авторы). Бәрін айтта бірін айт, тек токетерін айт, – демекші, бізде мақаланың өзекті жанды жеріне назар аударып, қысқаша шолу жасалық. Әнгіме барысы 1978 жылдың тамызында неміс проблемасын шешу мақсатымен Ю. Андропов бастаған бір топ (әрине, КПСС Орталық Комитеті Саяси бюросының арнайы тапсырысымен) ЦК мүшелері Орталық Комитетке Қазақстанда Целиноград (қазіргі Астана қаласы), Көкшетау, Қарағанды, Павлодар облыстарының 5 ауданы есебінен, орталығы Ерейментау болатын неміс автономиялық облысын құру керек, – деп, тиісті дәлелдемелерді жапсырып, хат жолдады. Нәтижесінде, 1979 жылғы 31 мамырда КПСС Орталық Комитеті Саяси бю-